

**«Бір ел – бір кітап» акциясы аясында
«Көшпенділерден» кейін туған көшелі ой. Оригинальные мысли после «Кочевников»
атты аудандық үздік шығарма байқауын өткізудің
ережесі**

Бұқаржырау ауданының ОКЖ-сі кітапханаларды дамыту секторы «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында оқырмандар қазақ және орыс тілдерінде оқырмандардың шығармашылық қарымын, шығарма жазу дағдыларын дамытуға, өз ойын көркемдеп жеткізе білуге баулу мақсатында Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясы бойынша «Көшпенділерден» кейін туған көшелі ой» атты аудандық үздік шығарма байқауын өткізеді. Байқауға шығарма жұмыстары 2015 жылдың 15 сәуірінен 1 тамыз аралығында жазба түрде және электронды нұсқада қабылданады. Байқаудың өткізілу Ережесін www.bukarbibl.kz сайтынан танысуға болады.

I. Жалпы ережелер

Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясы бойынша өткізілетін «Көшпенділерден» кейін туған көшелі ой» атты аудандық үздік шығарма байқауы қазақ және орыс тілдерінде оқырмандардың шығармашылық қарымын, шығарма жазу дағдыларын дамытуға, өз ойын көркемдеп жеткізе білу баулуға бағытталған. Оқушылар өз ойларын көркем жеткізе отырып, туған жерге, елге деген, оның тарихына деген өздерінің жүрекжарды пікірлерімен, тың ойларымен, соны көзқарастарымен бөліседі.

Байқау келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- талантты, шығармашыл тұлғаларды дамыту мен оларға қолдау көрсету;
- оқырмандардың өз ойларын еркін әрі көркемдеп жеткізе білуіне мүмкіндік жасау;
- оқырмандардың тәуелсіздік тақырыбындағы ой-дүниесінің кеңдігін, тереңдігін анықтау.

2. Байқауды өткізу тәртібі

«Көшпенділерден» кейін туған көшелі ой» атты аудандық үздік шығарма байқауына жұмыстар қазақ және орыс тілдерінде 2015 жылдың 15-сәуірінен 1-тамыз аралығында қабылданады. 1-тамыздан кейін келген шығармалар жұмысы байқауға қабылданбайды.

3. Байқауға қатысушылар

Байқауға Бұқаржырау ауданының ОКЖ-не қарасты кітапханаларының оқырмандары қатысады.

4. Байқауға жіберілетін жұмыстардың талаптары

Байқауға шығармалар жазбаша және электронды түрде кітапханаларды дамыту секторына қабылданады (3 беттен кем емес, формат А4, 14 шрифт Times New Roman, аралық интервал -1,5). Шығарма арнайы байқауға арналып жазылған және бұрын еш жерде басылмаған болуы керек. Осындай талаптарға келмейтін шығармалар ұйымдастыру комитетінде қаралмайды.

Шығарманың титулды парағы келесі реквизиттерді сақтауы қажет: атауы, автордың аты-жөні, тегі, фотосуреті, жетекшісі болса аты-жөні, оқу немесе жұмыс мекемесінің мекенжайы, сыныбы, жасы, байланыс телефоны, e-mail.

Жұмыстың мазмұны келесі өлшемдер бойынша бағаланады:

- жұмыстың аталған тақырыпқа сәйкестігі;
- тақырыпты ашу;
- материалды логикалық тұрғыдан құру;
- аталған жұмысты безендіру;
- материалды толық ашу және сауаттылық, көркем сөздерді тиімді қолдану.

Марапаттау

Байқаудың қорытындысы бойынша шығармалар тілдеріне байланысты бірінші, екінші, үшінші орындарға

бөлінеді. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері грамоталармен және ұйымдастыру комитетінің ақшалай сыйлықтарына ие болады.

Байқаудың қорытындысы 2015 жылдың қазан айында шығарылып, www.bukarbibl.kz сайтында жарияланады.

Жұмыстар мына мекенжай бойынша қабылданады:

10400, Қарағанды облысы, Бұқаржырау ауданы, Ботақара кенті, Бұқаржырау көшесі 70 үй, тел: (72154) 22265
e-mail: metodbibl@mail.ru

**Положение
районного конкурса на лучшее сочинение
«Көшпенділерден» кейін туған көшелі ой.
Оригинальные мысли после «Кочевников»
в рамках акции «Одна страна-одна книга».**

Отдел развития библиотек Бухаржырауской ЦБС в рамках акции «Одна страна-одна книга» проводит районный конкурс на лучшее сочинение «Көшпенділерден» кейін туған көшелі ой. Оригинальные мысли после «Кочевников.», в целях охвата творчества читателей на казахском и русском языках, развития навыков написания сочинения, умения художественно довести свои мысли по исторической трилогии Ильяса Есенберлина «Кочевники». Конкурсные работы принимаются в печатном и электронном варианте с 15 апреля по 1 августа 2015 года.

С положением конкурса можно ознакомиться на сайте www.bukarbibl.kz.

I. Общие положения

Конкурс на лучшее сочинение «Көшпенділерден» кейін туған көшелі ой Оригинальные мысли после «Кочевников.» по исторической трилогии «Кочевники» Ильяса Есенберлина направлена на охват творчества читателей на казахском и русском языках, развития навыков написания сочинения, умения художественно довести свои мысли.

Обмениваясь своими взглядами, оригинальными мыслями, интересными мнениями о родной земле, стране, его истории читатели должны довести свои мысли художественно.

Конкурс направлен на решение следующих задач:

- развитие и поддержка талантливой творческой личности;
- дать возможность свободно и художественно излагать свои мысли
- широта кругозора, глубина мысли читателей

2. Проведение конкурса

Конкурсные работы на лучшее сочинение «Көшпенділерден» кейін туған көшелі ой Оригинальные мысли после «Кочевников.» предоставляются на казахском и русском языках с 15 апреля по 1 августа 2015 года. К конкурсу не допускаются сочинения присланные после 1 августа.

3. Участники конкурса

В конкурсе принимают участие все читатели библиотек Бухар-жырауской ЦБС, а также все желающие.

4. Требования к конкурсным работам

На конкурс предоставляются работы в письменном и электронном варианте (не менее 3 страниц, формат А4, 14 шрифт Times New Roman, интервал -1,5).

Сочинение должно соответствовать заданной теме, ранее нигде не опубликовано.

Работы не отвечающие требованиям оргкомитетом не рассматриваются.

Реквизиты титульного листа сочинения: название, ФИО автора, фото, ФИО руководителя (если есть), место учебы или работы, класс, возраст, телефон, e-mail.

5.Оценка работ:

- соответствие содержания представленной работы названной теме;
- оригинальность, раскрытие и отражение темы;
- строение материала с логической точки зрения;
- полное раскрытие материала, грамотность, применение художественного слова по назначению;
- художественное мастерство.

6. Награждение

Соответственно по языкам итоги конкурса будут распределены на первые, вторые, третьи места.

Победители и призеры конкурса награждаются грамотами и денежными премиями орг.комитета.

Итоги конкурса будут подведены в октябре 2015 года и опубликованы а сайте www.bukarbibl.kz.

Работы принимаются по адресу:

100400, Карагандинская область, Бухар-жырауский район, пос.Ботакара, ул.Бухаржырау 70.

Справки по тел:(72154) 22265

e-mail: metodbibl@mail.ru